

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№22 (135) ЖҰМА

26 маусым 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• 28 - МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН Жаннұр

Ақ Орда. Еліміздің ең басты еңселі төрі. Оның босағасынан аттап, төріне өтпек түгілі, маңайына жақын барып, суретке түсудің өзі екінің біріне бұйыра бермейтін бақ.

Жаннұр Төлендіқызы Тілемісова - Ұлытау облыстық «SARYARQA» газетінің бас редакторы. Жас журналист. Бірақ, оқырманы жазғанын жазбай танитын танымал тілші. Ал, газет басшысы ретіндегі ұжымды ұйымдастыруы, уақыт талабына, оқырман талғамына сай тақырыптарды қаузауға түрткі болып отыратыны айтпаса да түсінікті.

Олеңбек жолын Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетінде қатардағы тілші болып бастады. Университет қабырғасынан енді ғана түлеп ұшқан жас тілші жылдар өте келе Ұлытау облысының бас газетіне басшылық жасаймын деп ойлады дейсіз бе? Бәрі де тынымсыз еңбектің, көптің тілін, істің

көзін таба білетін ілкімділігінің арқасы.

Журналистердің төл мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақ Орда төрінде БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттады. Президент қолынан марапат алу құрметіне бөленген бақытты жандардың бірі Жаннұр болды. Ол «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Міне, осыдан соң, «Жұлдызы жарқыраған Жаннұр» дегенде, не дейміз?

Өріптесіміз Жаннұр Төлендіқызын мәртебелі марапатымен құттықтаймыз! Жаннұрға жаңа шығармашылық табыстар тілейміз!

«Аймақ ақшамы» ұжымы

ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫТАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОБЛЫС ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді жылдың ең ауқымды шарасы — «Қазақстанның үздік тауары» Республикалық байқау-көрмесінің облыстық кезеңіне шақырамыз!

Іс-шара 12 шілде күні сағат 09:00-де Металлургтер алаңында өтеді!

30-дан астам өңірлік отандық өндірушінің халық тұтынатын бірегей тауарларымен танысу мүмкіндігін жіберіп алмаңыздар. Бұл жарқын оқиғаның бір бөлшегі болыңыз!

Келіңіздер, отандық өнім өндірушілерге қолдау көрсетіңіздер!

Сіздерді 12 шілде күні сағат 09:00-де Металлургтер алаңында күтеміз!

Ұйымдастырушылар: Ұлытау облысының Кәсіпкерлер палатасы және Ұлытау облысы әкімдігі

УВАЖАЕМЫЕ ЗЕМЛЯКИ И ГОСТИ ОБЛАСТИ!

Приглашаем вас на грандиозное событие года — областной этап Республиканского конкурса-выставки «Лучший товар Казахстана!»

Мероприятие состоится 12 июля в 09:00 на площади Metallургов!

Откройте для себя уникальные товары народного потребления от более чем 30-ти местных производителей из регионов.

Не упустите шанс стать частью этого яркого события! Приходите и поддержите отечественных производителей! Ждем вас 12 июля в 09:00 часов на площади Metallургов!

Организаторы: Палата предпринимателей области Ұлытау и акимат области Ұлытау.

ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

Қазақстан Журналистер одағы Ұлытау облыстық филиалының кезектен тыс конференциясы болып өтті.

Конференцияда аймақ журналистерінің басын біріктіретін ұйымның қызметін жандандыру, жаңаша леп беру туралы ойлар мен ұсыныстар ортаға салынды.

Конференцияда танымал журналист, «ЖезМедиа-Пресс» ЖШС директоры, «Жезказганский вестник» газетінің бас редакторы, Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі Эльвира Алпанбаева филиал төрағасы болып сайланды.

Жаңа төрағаның филиал жұмысын талапқа сай жүргізуіне сәттілік тілейміз!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

СОВРЕМЕННОЕ ГОСУПРАВЛЕНИЕ: СБОРНИК ПОД РЕДАКЦИЕЙ БАЙМЕНОВА ПРЕЗЕНТОВАЛИ В США

В Нью-Йорке состоялась презентация международного сборника под редакцией председателя руководящего комитета Астанинского хаба государственной службы Алихана Байменова, передает «24KZ». В книге под названием «Современное государственное управление» подробно анализируются будущее государственной службы, влияние цифровизации, политика, основанная на доверии, а также региональные реформы.

Здание постоянного представительства Казахстана при ООН в Нью-Йорке приняло множество почётных гостей. Все они специально прибыли на презентацию новой книги, чтобы поделиться своим мнением по затронутым в издании вопросам. Книга начинается с предисловия Президента Казахстана. В нём Касым-Жомарт Токаев особо подчёркивает, что система государственного управления в XXI веке столкнулась с беспрецедентными вызовами и называет труд важным научным исследованием, обобщающим мировой опыт.

Алихан Байменов, председатель управляющего комитета Астанинского хаба государственной службы:

– Крайне важно периодически



ски анализировать накопленный опыт, наши инновации и новые подходы, а также отслеживать, как развивается система государственного управления. Именно поэтому в рамках Астанинского хаба государственной службы мы объединили 37 авторов из 19 стран и выпустили сборник, который охватывает как теоретические аспекты, так и практическое развитие в этой сфере. Книга была издана в престижном международном издательстве Palgrave Macmillan.

Это уже третья книга, изданная под редакцией Алихана Байменова и Паноса Ливеракоса. Первая – «Совершенство государственной службы XXI века» (Public Service Excellence in the 21st Century) – вышла 6 лет назад и была посвящена новым подходам в сфере государственного управления в мире. Вторая, изданная в 2022 году, акцентировала внимание на становлении систем управления в странах, получивших независимость в

90-х годах. Пандемия, геополитическая напряжённость и внедрение искусственного интеллекта в повседневную жизнь стали факторами, которые потребовали переосмыслить труд, что и привело к выпуску третьей книги.

Гвидо Бертуцци, исполнительный директор организации International Government Solutions:

– Опыт господина Байменова в сфере общественного управления огромен. Его работа по объединению международных экспертов и систематизации зарубежных кейсов в рамках этой книги, а также своевременность её выхода крайне важны. Уверен, что книга получит высокую оценку у читателей.

Автор подчёркивает, что миссия книги – создать ответственную, открытую и дружелюбную к людям государственную службу. Для этого в ней изложены лучшие примеры государственного управления.

БАЙҚАУ

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ»

Биыл облыста алғаш рет осындай тақырыппен байқау жарияланды. Байқауды Ұлытау облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Ұлытау облыстық тілдерді дамыту орталығы» ұйымдастырды.



Журналистер мерекесі қараңдында байқаудың қорытындысы шығарылды. Әрине, алғашқы рет болғасын ба, байқауға түскен материалдар қарасы соншалықты көп бола қоймады. Орыстілді журналистер тіптен сырт қалған десе де болады. Ә дегеннен кемдеу тұсын сөз етіп кеткендей болдық па, қалай? Бірақ, шындығында да, жарнамасы жеткізсіздеу, уақыты тығыздау болып қалған секілді. Әйтпесе, әсіресе, қазақтілді газеттердің, журналистердің тіл төңірегінде үнемі сөз қозғап жүреді емес пе? Ал, байқаудың таразысына тартылған дүниелерді саралау да, бағалау да оңайға түсе қоймады. Байқау екі негізгі бағыт – «Үздік мақала» және «Үздік теле/радио бағдарлама» аталымдары бойынша өткізілген еді. Қазылар алқасының шешімімен «Үздік мақала» номинациясы бойынша Меруерт Наурызбаева I орынды (100 000 теңге),

Жаннұр Тлемісова II орынды (80 000 теңге) иеленді. Олардың екеуі «Сауатқа» газетінің журналистері болса, жүлдесіне 60 мың теңге алған III орын иегері Маржан Ғабдысаттар бұрынғы «Дидар», қазіргі «ULYTAU» телеарнасының қызметкері.

«Үздік теле/радио бағдарлама» номинациясының жеңімпазы болып Гүлшахира Серекбаева (I орын және 100 000 теңге) танылды. Ал, Алтынгүл Төлегенова II орынды жеңіп алып, 80 000 теңге иеленді. Үшінші орын алған Нұрай Қоғайға 60 000 теңге сыйақы берілді.

Байқауға қатысушылардың барлығы Алғыс хаттармен марапатталды.

Биылғы жыл бұл байқаудың аймағымызда тұсауын кескен жыл ретінде есте қалатын болады. Ал, байқаудың аясын кеңейте түсу алдағы жылдардың еншісіндегі шаруа.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

«ҰЛАН» ГАЗЕТІНЕ АРНАЛДЫ

Сәтбаев қаласының «Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» «Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер газетінің құрылғанына 95 жыл толуына орай «Ұланның» тойы – ұлттың тойы көрме ұйымдастырылды.



Бір ғасырға жуық уақыттан бері жас буынның жан серігіне айналған басылым бүгінде нағыз рухани шежіреге айналды, газет алғаш рет 1930 жылы 14 наурызда «Пионер» атауымен жарық көріп, кейіннен «Октябрь балалары», «Қазақстан пионері» деп аталды. Ал 1990 жылдан бері «Ұлан» атауымен оқырманға жол тартып келеді. Газет тарихында Сансызбай Сарғасқаев, Кемел Тоқаев, Әбілфайыз Ыдырысов, Фариза Оңғарсынова, Сейдахмет Бердіқұлов, Бейбіт Қойшыбаев, Ғалым Доскен сынды қазақ руханиятының көрнекті өкілдері бас редактор болған. Көрменің мақсаты – газеттің тарихи мұрасын насихаттау, 95 жылдық жолын

көрсетіп, оның қазақ балалар журналистикасындағы рөлін айқындау. Жас оқырманды ақпаратпен таныстыру, газеттің бұрынғы және қазіргі нөмірлерін ұсыну арқылы балалар мен жасөспірімдердің оқуға деген қызығушылығын арттыру, өз оқырмандарының сенімді досына айналды. Газет балаларға ақпарат беріп қана қоймай, жас ұрпақты білімге құштар етуге, олардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруге үлес қосып келеді. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруды мақсат етеді.

Фатима ДУЗБАЕВА,
кітап қорын толықтырушы.

► ОЙТОЛҒАУ

► 28 МАУСЫМ — БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ЖУРНАЛИСТ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күніне орай сөйлеген сөзінде елімізде жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық реформаларға арнайы тоқталып, осындай тың бастамаларды жұртшылыққа жан-жақты түсіндіруге журналистер қауымы зор үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

Журналист мамандығының мәртебесі жайлы жоғары баға берген Президент: «Ол – ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы. Сондықтан біз медиа саласының мамандарына әрдайым зор құрметпен қараймыз. Түптеп келгенде, мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Біздің мақсат-мұратымыз ортақ», - деген болатын.

Иә, ойды ой қозғайды. Менің баспасөз саласында еңбек жолымды бастап, тағдырымды журналистикамен байланыстырғаным биыл тура 51 жыл болыпты. Осы жылдарда қастерлі салаға қатысты барлық тиісті лауазымдардан өтіп, 3 газетте бас редактор болдым. Аға буынның тәжірибелерін үйрендім, өзім де біраз шәкірт тәрбиеледім. Ендігі жерде, төл мерекеміздің табалдырығында тұрып, баспасөздің көшегісі мен бүгінгі тірлігі, әріптес ізбасарларымыздың мамандыққа деген қарым-қатынасы жайлы көңілге түйген азды-көпті ойларымды ортаға салғым келеді.

Оқырман қауымның көкейіндегі түйткілдерді тайсалмай көтеріп, бұқараның сөзін сөйлейтін мерзімдік баспасөзді «төртінші билік» деп төбемізге көтеретініміз бар. Ал, ол шындығында дәл солай ма? Қоғам өзгерген соң көзқарас та, айтар пікір де өзгеретіні белгілі ғой. Кешегі кеңестік заманда газеттер Компартияның органы болды. Соған орай партияның сөзін сөйлеу,

партия алға қойып отырған міндеттер мен нұсқауларды бұқараға жеткізу басты міндет болатын. Алайда, ол кездегі бір көңілге қонатын жай ел газет оқитын. Қазір жұрт газет оқудан қол үзіп барады. Мұның қоғам үшін қауіпті тұстары көп.

Ашық қоғам жағдайында адамдарды бүгінде бірнәрсемен таңғалдыру мүмкін емес. Әлем елдерімен еркін қарым-қатынас орнады. Оның қоғамдық пікірге, ой-санаға тигізетін әртүрлі әсерін де көріп жүрміз. Осы жағдайда өз жолыңды, өз бағытыңды таба білу маңызды. Жалпы, бүгінде журналистер үшін жабық тақырып жоқ сияқты. Тәуелсіздікке қол жеткен соң көзқарас та, айтар сөздің әуені де өзгерді. Халқымыздың басынан өткен түрлі зобаландар мен тарихтағы ақтаңдақтар туралы бүкпесіз ашық жазуға мүмкіндік туды, ұлттық салт-дәстүрлеріміз кеңінен насихатталып, ұлттық мүдделер басты тақырыптарға айналды. Бір сөзбен айтқанда, журналист үшін еркіндік кезеңі келді. Бірақ, еркіндік келген екен деп ауа жайылуға да болмайтыны белгілі. Кейбір сондай бағыттарды ұстайтын басылымдар да болды. Оқырман тарту үшін не болса соны жазып, сонымен қатар шенділерді шенеп, билікке жұдырығын безеп жазатындардың бәсі біраз жүріп тұрды. Дегенмен, сауатты оқырман, зиялы қауым ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін кешікпей-ақ ажыратып алды.

Қазіргі ақпараттық технология дамыған кезеңнің жемісі деуіміз керек, бізде әлеуметтік желілер де ақпарат құралы ретінде кеңінен қалыптасып келеді. Алайда, дәстүрлі баспасөз құралдарына қарағанда әлеуметтік



желілердегі кәсібилік, ақпараттың шынайылығы әлі пісіп-жетілмегенін байқап жүрміз. Алыпқашпа, үстірт пікір білдіру, жалған ақпарат тарату орын алып жатады. Мәселен, әлеуметіге хабар таратындардың көбісі дереккөздері мен оқиғаның мән-жайын түпкілікті анықтау үшін жауапты мекемелерге жүгініп, шынайы ақпаратқа қол жеткізуге жете мән бере бермейді. Фейк ақпараттар жиі кездесетіндіктен, шындығы қайсы, өтірігі қайсы деп көпшілік дал болады. Мен өзім әлеуметтік желіні әлі толықтай ақпараттық құралы деп қабылдай алмай жүрмін. Пікір алмасу алаңы деуге болады. Оның құнын не болса соған жағаласып, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін «диван батырлар» мен өресі төмен сауатсыздар одан әрі түсіріп тұр. Мұндайларға заңды тосқауыл қою жөнінде Мемлекет басшысы да бірнеше рет ескертті. Алайда, біздің жергілікті билік өкілдері «бүгінгі күннің батыры» болуға ұмтылып жүрген блогерлер мен шынайы журналистердің аражігін ажырата алмай, мәртебелі мамандық

иелерінің беделіне көлеңке түсіріп жүргені байқалады.

Журналист – мәртебелі мамандық дейміз. Қазір осы қастерлі мамандықтың жалына кім көрінген жармасып, оның құнын түсіріп жүр. Хабар-ошар жазудан басқаға қабілеті келмейтіндер де газетке бірді-екілі бірдеңе жазған болып, онымен қоймай Журналистер одағына өтуге ұмтылатын болды. Журналистер одағы – қоғамдық ұйым. Ертеректе оның қатарына мүшелікке өту үшін іріктеуден өтіп, үміткерлер талғаммен таңдалатын. Қазір бұл ұйымға мүше болудың да қадірі кетіп бара жатыр.

Негізінде, барлық гөп мамандығыңды жүрек қалауымен, қабілет-қарымыңа сай таңдауыңа байланысты болса керек. Бұрынғы кезде бойыңда туа бітті таланты барлар ғана таңдайтын бұл кәсіпті. Бүгінгі таңда бірталай жастар журналистік мамандықты еш негізсіз, грантқа байланысты немесе басқадай себеппен таңдап, диплом алып шығып жүр. Солардың көбі жұмысқа тұрарда ақпарат саласын айналып өтуге тырысады. Әлбетте журналист болу үшін диплом емес, адамға туа біткен талант керек. Қаршадай жас кезінен жазуға, шығармашылық ізденіске бейімі бар бала ғана журналист болуды ойлағаны жөн.

Қазір журналист мамандығына жастардың аса қызықпауының бір себебі – бұл саланың жалақысы мардымсыз. Ал, бойдағы талантын бағалап, жүректен шынайы сүйген адамға бұл мамандық – аса қастерлі. Осыдан біржарым ғасырдай бұрын Марк Твен деген псевдониммен белгілі болған (шын аты Сэмюэл Лэнгхорн) америкалық қаламгер-журналист былай депті: «Дүниеге жарық беріп, сәуле шашатын екі-ақ күш бар. Оның бірі – аспандағы күн, екіншісі – жердегі журналист». Қандай керемет баға! Өз мамандығымды мақтан тұтқанда мен осы сөзді жиі еске аламын. Осынау биік мәртебеге лайық болайық. Қалам қайратына сүйенген барша әріптестерімізді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Амандық РАХҰЛЫ,
ҚР Ақпарат саласының үздігі,
Қазақстанның Құрметті
журналисі,
«Құрмет» орденінің иегері.

ЖҰМЫСШЫ ҚҰРМЕТТІ БОЛАТЫН

Иә, солай. Менің еңбек жолымды Жезқазған шахтасында кенші болып бастағанымды, онжылдықты жұмысшы жастардың кешкі мектебінде бітіргенімді біраз жұрт білсе керек.

Қазақ университетіне бірден түсіп кетуіме оқуға өндірістен келгенім себеп болғаны сөзсіз. Өмірбаяным жұмысшылықтан басталғандықтан кейін артымнан қуып жүріп мені партияға өткізді. Жолым ашылды. Екінші бірінің басына бұйыра бермейтін бақыт, ел дамуының аса бір қиын күрделі жылдарында Қарағанды облысының екі бірдей ведомствосын - облыстық «Орталық Қазақстан» және облыстық Телерадиокомпаниясын басқару абыройы бұйырды. Мына суреттегі төрт жігіт Шынболат Ділдебаев, Сайлау Ахметов, Мұхаметжан Ахметов және мен - Өтен Ахмет жұмысшы жастардың кешкі мектебін бірге бітірдік. Мен мұғалім, кейін журналист, жазушы болып кетсем, үш досым да Алматының политехін бітіріп инженер болды. Шынболат өнер жолын таңдап, артында өшпес із қалдырды. Сайлау жақсы өсіп келе жатқан еді,

мезгілсіз ажалдан опат болды. Мұхаметжан кезіндегі түсті металлургия министрлігінде үлкен маман дәрежесіне көтерілді. Еңбек есейтеді деп тегін айтылмаса керек. Қазір елімізде жұмыскер адамға құрмет қайта айналып келгендей. Бір жылмен шектелмей жалғасын тапса, дәтүрге айналса, құба-құп!

Өтен АХМЕТ,
жазушы, журналист
Фейсбук әлеуметінен



► ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰНҒАН ТАРИХ

ҰЛЫТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІ

Теректі-Әулиемен көптеген аңыздар байланысты, Жезқазған қаласынан шығысқа қарай 80 шақырым жерде, Теректі теміржол станциясынан 20 шақырым жерде гранитті қарымның ұшар басында орналасқан. Суреттер ежелгі адамдардың көшпелі өмірінің көрінісі болып табылады, аң аулауға, жабайы аңдарға арналған, ертедегі адамның санасында Көк тәңірге, күн мен айға, басқа да табиғат құбылыстарға табыну басым болған.

Петроглифтерде мифологиялық сюжеттер, діни-нанимдар, әдет-ғұрып сахналары — «Көкке табыну», «Құрбандық шалу салты», «Көк Тәңірге жол тарту» көрністер бейнеленген. Сондықтан да қажылыққа барып тауап етушілер, және сондай-ақ мистиканы әр түрлі жақтаушылары бұл жерде жиі болатын қонақтар.

Теректі петроглифтеріне жыл сайын көптеген туристер, зиярат етушілер ағылып келіп жатады. Музейдің ұйымдастыруымен 2011-2013 жылдары ол жерге абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, ескерткішке біршама көңіл бөлінген. Біз үшін ол қуанарлық жағдай. Ал басқа петроглифтерді бірі білсе, бірі біле бермейді. Жартас гравюраларының үлкен тобы Байқоңыр ауылан 20 шақырым жерде Бұланты өзенінің жартастағы жағалауында орналасқан. Көптеген жануарлар суреттерінен, аңшылық сахнасынан тұратын ондаған метр жерге созылған петроглифтердің ішінде біреуі жетілген түйелі керуен де бейнеленген. Петроглифтердің көп бөлігі қазіргі уақытта адамның аяғы жете алмайтын шығуға келмейтін қиын биік тік тастарда салынған. Ертедегі суретшілер аттардың керемет сымбаты мен мінезін бере алған. Сарыарқаның кеңістігіндегі петроглифтердегі ат суреттері ширақ қимылға толы.



Бұл жердің табиғаты көрген адамға көз тартарлық ерекше әсер береді. Өзеннің оң жағында биік таңбалы тастар болса, сол жағында қырлы белестер. Осы тастар мен қырларды бойлап, хош иісті шайшөп (чабрец) дәрілік өсімдігі өсуде. Ал өзенінің суы көрмек болғанымен, ауылға ғажап көрініс беріп тұр. Археолог В.А.Новоженовтың «Петроглифы Сарыарки» еңбегінде жазып көрсеткендей, Байқоңыр өзені солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай ағып жатыр, жалпы ұзындығы 65 км шамасында. Жаз уақыттарында суы тартылып, сайларға жиналған сулардан кішкене көлшіктер пайда болады. Өзеннің бойынан Ұлы жібек жолы керуені жүріп өткен және осы жерден шөлдеп келген керуеншілер су ішіп дем алған.

Жер асты суларының мол қоры мен ұланғайыр жайылымды жердің болуы аумақтық және экономикалық жағынан Ұлытау көшпелі малшыларға ұзақ уақыт тұрақты қоныс болған.

Жартастағы суреттерден ертедегі темірқорытушылардың, көшпелі керуеншілердің, малшылардың өмірінен деректер беретін сызбаларды көруге болады. Түйелі керуендер мен салт аттылар топтары бейнеленген петроглифтердің сюжеттері қазақтардың Желмая жайлы көне аңызымен үндеседі. Қола дәуірінің петроглифтері діни нанымдарды, аңшылық сахналарын, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық сюжеттерді бейнеледі.

Суретшілер нүктелі әдіспен қашап, бояу, сызу арқылы көшпелі тұрмысты, шабандоздарды, жабайы аңдардың бей-

Ұлытау өңірінде сыры бүгіліп, тарихы тереңде жатқан ескерткіштер жетіп артылады. Олар қасиетті тау-тастарымыздың беттеріне қашалып, өткен өмір тарихы бейнеленіп салынған сан мыңдаған таңбалар. Атап айтсақ, Теректі, Байқоңыр, Тасөткел, Зыңғыртау және т.б. құпияға толы тарихи орындар. Осы таңбалы тастар қазіргі кезде табиғаттың құбылыстарынан жойылып кетуге шақ тұр. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің қызметкерлері кейінгі жылдары арнайы барлау экспедицияларын ұйымдастырып, тұрған жерлерін анықтап, кәсіби фотографтар суретке түсіріп келеді.



нелерін — құлан, барс, бұқа-тұр, қасқыр, жабайы жылқы тағы басқаларды анықтап көрсеткен. Жануарлар жанды қимыл үстінде көрсетілген. Ертедегі шеберлер қос өркешті түйенің төкаппар келбетін, тұлпарлардың сымдай сымбатын, бұғы мен киіктің әсемдігін, барыстың серіппеше атылуға әзір тұлғасын көрсете алған.

Тастарды алғаш рет 1914 жылы Н.С.Воронец Бетпақдаланың пайдалы қазба зерттеу жұмыстарына қатысып, олардың бірнеше тастарын анықтау үшін, 1916 жылдың желтоқсанында Москва қаласындағы Мемлекеттік тарихи мұражайдың профессоры В.А.Городцовқа жібереді. Ал геолог М.М.Пригоровский су ағысының төменгі жағынан таңбалы тастардың топтамасын тауып, 1916жылы күзде В.А.Городцовқа төрт суреті мен сипатамаларын жібереді. Осыдан кейін Городцов 1926жылы Қазақ тарихының бір қазынасы ретінде Орта Азияның таңбалы тастарын зерттеу мақсатында, алғаш методологиялық негіздерін және олардың жағдайларын анықтайды. Жіберілген тастардың біреуінде қос өркешті түйенің бейнесі болған, осы үй жануарлары аяқтарының бір сызықпен байланысып жатқан бейнелері бойынша, таңбаларда б.з.д.екінші-бірінші мыңжылдық көрсетілген.

1930-жылдардың аяғында академик Қ.И.Сәтбаев, ал 1947-1948-жылдары бұл жерде Ә.Х.Марғұлан бастаған Қазақстан ғылым академиясының археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

1983-1991- жылдары мемлекеттік паспортизация бағдарламасы аясында белгілі Қазақстандық археолог В.А.Новоженовтың бастауымен, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті өзен бойына кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді. В.А.Новоженов осы зерттеулердің кейбір жауаптарын 1989 жылы өзі жасаған. Бұл зерттеу жұмыстарының алғашқы жылдары

тастағы бейнелердің біразы Лақпай-Ақжар қыстақтарының жанынан, ал соңғы жылдары Байқоңыр ауылынан және маңындағы Сарысай қыстағынан табылып, зерттелінді.

Жалпы тастағы бейнелер өзеннің екі жақ жағалауында да жартастарда топтарымен жиналған. Тастағы петроглифтер жалпақ тастар бетіне салынған, су бетінен 2-4 метр биіктікте және біреулері оңтүстік-шығысқа беттелсе, басқалары солтүстікке беттеліп орналасқан. Көптеген сурет салуға ыңғайлы жалпақ тастар пайдаланылмаған. Бұзылған, жарылған бейне суреттердің көп жерлерде көшірмелері кездеседі. В.А.Новоженовтың айтуынша, таңбаларды көшіру әдісі жалпақ тастардың жағдайы мен бейнелеу техникасына байланысты болған. Көп жағдайларда петроглифтерді онша тереңдеу етпей қашап, фигуралардың өте ұсақ турлеріне дейін, кей жерлерде сызық бойымен жіңішке құралмен ойып салған. Жартастардағы қашалған бейнелерді маңайында өсіп жатқан өсімдіктер және тасқа біткен хыналар айқын көрсетіп жатыр. Сол таңбаларға жақсылап үңілсек, осы жердің көне замандардағы көріністері көріне бастады. Бір жағында еліктің, адамның, садақтың бейнелері болса, екінші жағында бұғылар, аттар бейнеленген. Кей жерлерінде тіпті жүгіріп бара жатқан қасқыр, адам мінген аттар, ал артында тізілген түйелерді байқауға болады.

Ертедегі көшпенділер заманында ежелгі тайпалардың мифологиялық

сюжеттері мен аңыз әңгімелерінің негізінде салынған көп пішінді композициялар, жартастарға сурет салу өнері орта ғасырларда бұрыннан қалыптасқан дәстүр десе де болады. Бұрынғы суретші шеберлердің туындыларында жанды қимыл үстіндегі жануарлар, аңшылық көріністері, батырлардың жануарлармен арпалысы өте қызықты көрінеді. Тағы да осы сюжеттерде көшпенділердің діни сенімдері мен олардың өміріндегі әдет-ғұрыптық сахналарын көруге болады. Көшпенділерге тән ширақтық пен үздіксіз қозғалыс атпен тығыз байланыста. Ер қанаты-ат демекші, ат- адам өмірінде ерекше орын алатын серігі, -десек артық болмас.

Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан шығармаларының 3,4- томдарында: «Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы таңқаларлық жағдай. Қазақстанның тасқа салынған гравюралары, ата-бабамыздың бізге қалдырған ұлы мұрасы-көне заман жайында дерек беретін даусыз жәдігер»-деп жазса, тағы бір жерінде Сарыарқа петроглифтерінің ішіндегі, әсіресе Байқоңыр өзені бойындағы тік жартастардағы таңбаларға ерекше тоқталып, оған таң қалатындығын жасырмай, : «Ертедегі шеберлер қос өркешті түйенің төкаппар келбетін, тұлпарлардың сымдай сымбатын, бұғы мен киіктің әсемдігін, барыстың серіппеше атылуға әзір тұлғасын көрсете алған»-деп ғажап жазып көрсеткен.

Сонымен, бейнеленген суреттерге қарап, өткен замандарда түйемен жүрген керуеннің, әртүрлі аң түрлерін, садақты көріп, аңшылықтың болғанын және басқа да өнер туындыларын байқаймыз.

Жалпы тастардың беттері жалпақ, әрі тегіс, сондықтан ондағы қашалып жасалған бейнелер күннің көзіне шағылысып айқын көрінеді, сондай-ақ бұл сюжеттер әртүрлілігімен және композиция құрылымымен ерекшеленіп тұрады.

В.А.Новоженовтың 1983-1991 жылдардағы кешенді зерттеулері Тасөткел, Зыңғыртау петроглифтеріне де жүргізілген. Амангелді ауылынан солтүстік-батысқа қарай 25 шақырым, Тамды өзені арқылы Тасөткелден оңтүстік-шығысқа қарай 300 метр жерде орналасқан петроглифтер өзен жағалауында қара-қоңыр түсті биік жартастарда көлемі 3,7х2,1м, тік бұрышты жалпақ тастарда салынған. Кейбір бейнелер қазіргі адамдардың белгі салу салдарынан зардап шеккен. Ондағы бейнелер: аңдар, белгісіз фигуралар, эротикалық сахналар, жылан, түйе, ұшып бара жатқан құс, ат және т.б..

Ұлытаудан 15 шақырым жерде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан Зыңғыртау ескерткішінің де орташа көлемі 0,4х2м кішірек болғанымен, бұл тау атына сай, ерекше зыңғырлаған қоңырау үнін беріп тұратын тау. Тастардың үнін ұрып көру арқылы сезуге болады. Сонымен қатар таудың 13 тасында: қолдары ажырап тұрған адам, екі тау теке, қабан, атты адам, қасқыр, өгіз, адам мен түйе, жылан т.б.таңбалы бейнелер бар. Фигуралар дәл қашалып жасалған, бірақ табиғаттың жайсыздығынан, қар мен жаңбыр суларынан зардап шеккен бейнесуреттер қазір көмек қолын сұрап тұр.

Баян ШАЙГӨЗОВА,
«Ұлытау» қорық-мұражайының
қызметкері.

ЖУРНАЛИСТ ЖАЗБАЛАРЫ



Базаркүл ҮМБЕТОВА,
Қазақстан Журналистер
одағы сыйлығының лауреаты,
Қазақстан Республикасы
Ақпарат саласының үздігі,
«Ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері

МЕНИҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫМ

*Жақсылықты іздеп жүріп жазатын,
Кемшілікті түбірімен қазатын.
Мамандықты қаладым деп
айтқанда,
Үнсіз ғана қалып еді анашым...*

Біз оқушы кезімізде «Кім боламын?» және т.б. еркін тақырыптарда шығармалар жазатынбыз. Сол кездегі Жезқазған облысының, Жезді ауданына қарасты Теректі №6 мектебіндегі әдебиет пәнінің мұғалімі Ақбәттен Наурызбаева апайымыз болатын. Кітапты кішкентайымнан құмарта оқитындығымнан болар, мамандық таңдауға қатысты шығармамда «жазушы болғым келеді, бірақ оған дейін журналист болуым керек» деп жазғаным есімде. Менің қасымда өзім сияқты Теректі станциясындағы жалғыз кітапхананың бар кітабын екеулеп жүріп оқып, тауысқан Сейдірахмет Баймұханбетов отыратын. Ол маған: «Сен журналист дегеннің қандай болатынын қайдан білесің, одан да басқа қыздар сияқты мұғалім боламын демейсің бе», – деп, екеуміз әдеттегідей сабақ арасындағы үзілісте біраз сөз таластырып алдық.

Негізі журналист ер адам болу керек, біз оқыған кітаптардың барлығын ер адамдар жазған, – деп ол бой бермейді. Шындығында оның сөзінің де жаны бар. Біздің жата-жастана оқитын кітаптарымыздың бәрінің де авторы - ер адамдар. Тіпті бала кезімде нағашы атам жаттататын батырлар жырларының бәрін де ер кісілер жазған деп топшылайтынмын. Бірақ, мен бәрібір журналист боламын деген бетімнен қайтпадым. Сонымен не керек, басқа барлық сабақты да үздік бағаға оқысам да, әдебиет пәніне деген ынта-ықыласым мені

сол журналист болсам деген арманымның бастауына алып келген сияқты. Қандай тақырыпта шығарма жазсам да құр мектеп оқулығында айтылғандарды ғана емес, өзім оқыған кітаптардың кейіпкерлерімен салыстыра отырып, ой қорытып кей кезде өзімше бірнеше шумақ өлеңмен де аяқтап жүрдім. Кітап сатып алу мен газет-журналға жазылуға анам бізден ешқашан ақша аяған емес. Сол кезде замандастарымның көбісі жазған дүниелерін «Қазақстан пионері» газетіне жолдайтын. Алғашқы ана туралы, достық туралы жазған төрт жолтақпақтарымды мен де сонда салып жібергенмін. Бірақ, Алматыдан шалғайдағы, сол кездегі Жезқазған облысы, Теректі елді мекенінде тұратын мектеп оқушысына білдей республикалық басылымның қызметкерінен жауап келеді деп кім ойлаған? Өлі есімде, почташының сырты қызыл әріптермен жазылған конверттегі хатты қолыма ұстатқаны. Үйге жүгіріп кіріп, төргі бөлмеде ешкім жоқта қуаныштан жүрегім дүрсілдеп, саусақтарым дірілдеп конвертті ашқаным. «Құрметті жас дос! – деп басталған хат менің жазған өлеңімнің ұйқас қуып ойды жеткізуде кемшіліктері бар, газетке әзір жариялай алмаймыз, өзіңнің мектебіңдегі жаңалықтарды жазып тұр», – деген сөздермен аяқталыпты. Содан «жазып тұр» деген жақсы сөзге қанаттанып жазған дүниелерімді Алматыға аттандырып жаттым. Жарияланғандарын журналистика факультетіне құжат тапсырған кезде апарып өткіздім. Ол кезде оқуға түсу үшін шығармашылық конкурс болатын. Республикамыздың түкпір-түкпірінен жиналған талапкерлер бір-бірінің аты-жөнін сол «Қазақстан пионері» газетінде немесе одан мықтылары «Лениншіл жастағы» шыққан мақалалары арқылы біліп, бір-бірін ҚазМУ-дың қабырғасында көріп, қанша жылдан бері кездеспеген туысқанын тапқандай қуанатын еді.

АЯҒЫҢА КИГЕНІҢ ҚЫЗЫЛ ЕТІК...

«Жұмадан жұмаға дейін» телебағдарламасын дайындау үшін қара шаңырақ – Қарсақбайға бардық. Режиссеріміз - Гүлнаш, бейнеоператор - Бауыржан, Заря және мен. Барымызды киініп жолға шықтық.

Көктем мезгілі еді, жер лайсаң, қар көбесі енді ғана сөгіліп жатқан кез. «Ауылды жер демей, қалалық қалпымызды көрсетейік» дегендей, үшеуміз де биік өкшелі етік киіп алғанбыз. Менің тіпті басымда қызыл қалпағым мен аяғымда қызыл етігім бар. Заря да осал емес, жақында сатып алған көздің жауын алардай оюлы қара былғары етігін киген. Гүлнаштың да киімі дүкеннен жаңа шыққандай... Кештете жеткесін, Гүлнаш келін ретінде күйеуі Сағаттың бір туысқандарына амандасып шығуым керек деді. Бауыржан таныстарына кеткенді. Заря екеуміз Гүлнашқа ілесіп кіріп шығайық деп, сұрастырып сол

үйді таптық. Қаладан келген келінге туысқандар барын дастарханға салып, бәйек болып жатыр. Бізге де құрмет ала бөтен. Апта сайын экранда отыратын екі арудың аяқастынан үйлеріне келе қалғанына үй иелері де сондай риза. Біз келгенде есіктің алдында ұл-қызы аралас біраз бала ойнап жүрген. Бір-екеуі біз шай ішіп отырғанда есіктен де сығалап, қарап кеткен еді. Олардың балалық көзқарастарына онша мән бермегенбіз. Үй иелерінен рұқсат сұрап дәлізге шығып, енді аяқ киімімізді іздесек, жер жұтқандай ешқайсы орнында жоқ. Тек батпақтан көрінбейтін екі-үш етіктің әр сыңары әр жерде шашылып жатыр. Оны біздің етігіміз деп ойлау үш ұйықтасақ түсімізге де енбес. Содан қысылған үй иелері балаларын іздесін. Мұрнын қос-қостан тартқан он жастардағы ұлы: – Аяқ киімдер анау жатыр ғой, – деп, қолын әлгі батпаққа малмандай малынған етіктерге қарай шошайтсын. Біз аң-таңбыз. Сөйтсек, біздің машинадан түскенімізді көріп үйге жүгіріп келген осы үйдің төнтегі көрші балаларға айтады. Олар теледидарда өздеріне «Балаларға базарлық» айдарында ертегі айтатын қыздың ол үйде отырғанын естісімен бәрі үйге келіп, босағадан бір-бір сығалап көріп кетеді. Дәлізде көздің жауын алатын қызыл етікті көрші үйдің қызы киіп көрмекші болады, келесісі оюлы етікті, үшіншісі жылтырақ қара етікті... солай барлығы тізіліп, үш етікті киіп достарына көрсетуге асығып, келесі көшеге дейін жүгіріп өтеді, ақыры балшықты алаңсыз кешіп, етіктерді есік алдына әкеліп шешіп, әр жерге лақтырып тастап, жөндеріне кетеді... Сол күні рахаттанып күлгеніміз-ай! Әсіресе, балшық баттасқан менің қызыл етігімнің түрін көріп... Жезқазғанға келгесін Заря көпке шейін «аяғыңа кигенің қызыл етік деп» әндетіп жүрді.

ЖАЛҒЫЗ ШЕГЕ

Жезқазған облыстық теледидарының қоғамдық-саяси бағдарламалар дайындайтын бөлімінде жұмыс істеп жүрген кезіміз. Бөлімде мен, Заря Әмірқызы Жұманова және Тоғанбай аға Құлманов үшеуміз едік. Бір қызығы, үшеуміз отырып алып, қабырға газетін шығарып, қабырғаға іліп қоятынбыз. Мұнда көбіне қазақы қалжыңға, әзіл – оспаққа, сатираға, юморға орын берілетін.

Бірде әзілсөзімізді телеарнаның төрағасы Сәбит Байдалин ағамызға арнадық. Өйткені, соның алдында телеарнаның мерейтойыөткен кезінде көптеген сағат сыйға берілген еді. Ал, біздің бөлмеде сағат болмайтын, керісінше, қабырғада не үшін қағылғаны белгісіз жалғыз шеге ілулі тұратын еді.

«Төраға Сәбит Байдалинге!
Төрімізде жалғыз шеге,
Мұңайып тұр білеміз.
Бізде соған қарап қойып,
Тілеулес боп жүреміз.

Жалғыз шеге қасіретін,
Төрағамыз ұғар ма?
Сырт-сырт еткен сылқым сағат,
Естен әсте шығар ма?!

Мерейтойда мың сан сағат,
Келгені де есінде,
Сорлы шеге соның бірін,
Құшып жүр-ау түсінде...

Біз сенеміз, Сәбе, Сізден,
«Ғашық сағат» шығарын.
Қасіретті «шеге зарын»,
Жүрегімен ұғарын!». Міне, осындай өзілімізді естіген төраға бөлмемізге арнайы келіп, сағат сыйлаған еді. Жарықтық Сәбит аға қарапайым кісі еді ғой...

«АЛҒАН ҰРЫ АЛҒЫС АЙТАР СЫРТЫҢНАН»

Ертеректе автобустарда, вокзалдарда, дүкендерде «карманчик» дегендер, яғни қалта ұрылары толып жүретін. Соны білсек те, кейде сақтық дегенді ұмытып кетеміз ғой. Жалақымды алып, оған анамның бір шаруа үшін берген ақшасын қосып, қол сөмкеге салып, автобуска мінбеймін ба? Жұмысқа жетем дегенше, сөмкені тілгілеп, ақшаны сыпырып кетіпті.

Ақ адал маңдай теріммен тапқан бар ақшаммен бірге отбасымыз бір ай қажетіне жұмсайтын қомақты қаржыдан айырылып, жұмысқа келгендегі түрімді көріп, болған жәйтті білген соң, Заря әріптесім маған «Жұбату жырын» жазған еді.

«Нарық мынау, оңай болмас бұл –
қыста.

Талай жандар қарғыс айтып
тұрмысқа.

«Қара қазан, сары бала қамы үшін»,
Лажсыздан барып жатыр қылмысқа.

Журналистер: «Ақша жоқ деп
жылайды, ә?!»

Шүкірлік қып, тәуба дейсің Құдайға!
Ұры-қары, «Қалтаманға» атадың,
Садақаға алты мың сом бір айда!

«Ұрланды», – деп куәлігім мұңайма!
Облысқа танымалсың былайда.
Алған ұры алғыс айтар сыртыңнан,
«Өзімсіне» жақын тартқан сыңайда...

Тартпаса да «ардың ауыр азабын»,
Жан-жүрегін торламай-ақ таза мұң.
Экраннан көргенше Ол асығар,
Ақ көңілді, «қолы ашық» қазағын!

Сөз бен істің сәйкестігі – басты ұғым,
Дәріптейсің халқыңның
салт-дәстүрін.

«Бар айлығың –1 мың 300» болса да,
Мырзалыққа бөгет емес жастығың!...

Бұл тағдырдың ойлап қара ғажабын,
Төмендетпей «жат» алдында
назарын,

Қомақты ақша шықты,
әйтеуір сөмкеңнен,

Өрқашанда мерейлі бол,
Базарым!!! – деген Заряның «жұбатуы» ұрланған ақшамды қайтармаса да, жабырқау түскен қабағымды жадыратып жіберіп еді.

МИНЗДРАВ: РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ БЕЗОПАСНОГО ЛЕТНЕГО ОТДЫХА

Солнечная и тёплая погода — это не только приятные эмоции, но и такие риски, как перегрев, обезвоживание, пищевые отравления, травмы на воде и укусы насекомых.

Национальный центр общественного здравоохранения напоминает: соблюдение простых, но эффективных мер поможет сохранить здоровье и получить от отдыха только положительные эмоции.



Защита от жары и обезвоживания

Избегайте длительного пребывания на солнце в часы пик (с 11:00 до 16:00). Носите лёгкую светлую одежду и головной убор, пейте воду регулярно, не дожидаясь жажды.

Старайтесь избегать алкоголя и сладких газированных напитков — они способствуют обезвоживанию.

Солнцезащита

Используйте солнцезащитные средства с высоким SPF, особенно на пляже, в горах и при длительном нахождении на улице.

Надевайте солнцезащитные очки и головной убор.

Помните: солнечные ожоги — это не только больно, но и увеличивает риск развития кожных заболеваний в будущем.

Безопасность на воде

Купайтесь только в разрешённых местах. Не оставляйте детей без присмотра у воды.

Никогда не заходите в воду в состоянии алкогольного опьянения — это крайне опасно, даже для опытных пловцов.

Питание и гигиена

Летом особенно важно употреблять только свежие продукты и соблюдать условия их хранения.

Избегайте уличной еды в сомнительных местах, мойте руки перед приёмом пищи, особенно в дороге или на природе.

Профилактика укусов насекомых

Используйте репелленты, особенно в местах, где могут водиться клещи и насекомые — переносчики инфекций.

При поездках на природу надевайте закрытую одежду, осматривайте тело после прогулок.

Будьте активными, но осознанными!

Пусть отдых укрепляет здоровье, а не создаёт новые проблемы.

Солнце, воздух, вода — отличные помощники, если подходить к ним с умом.

Берегите себя и отдыхайте с пользой!

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ЖАДЫНА!

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» – ЖАҢА СЕРВИС

Қазақстанда «Заң мен Тәртіп» жаңа цифрлық сервисі іске қосылды, — деп хабарлайды Polisia.kz. Ішкі істер министрлігі «Заң мен Тәртіп» атты жаңа цифрлық сервисі іске қосты — енді азаматтар құқық бұзушылықтар туралы полицияға тікелей Egov Mobile қосымшасы арқылы хабарлай алады.



Қосымшаның басты бетінде арнайы «Заң мен Тәртіп» түймесі пайда болды. Сол арқылы хабарламаны жедел жолдауға болады. Өтініш беру қарапайым әрі түсінікті. Қоғамдық тәртіпті бұзу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жол-көлік оқиғасы немесе балаға төнген қауіп сияқты жағдайлар туралы дабыл бірден полицияға түседі және полиция қызметкерлері хабарлама түскен сәттен бастап әрекет етеді. Осындай түймелер кейбір банк қосымшаларына да инте-

грацияланған, бұл сервисі кең аудитория үшін қолжетімді етеді. Жоба ІІМ жүргізіп жатқан ауқымды цифрландыру процесінің бір бөлігіне айналды. Мақсат — полиция мен азаматтар арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдету және жеделдету, жедел әрекет ету деңгейін арттыру және көмекті барынша қолжетімді ету. Сервис тәулік бойы жұмыс істейді, өтініштер бүкіл ел аумағында қабилданады.

БАЛАҢЫЗ ЖАРАҚАТ АЛМАСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Самокат пен батут – қазіргі балалардың өте қызығатын дүниелеріне айналды. Бір қарағанда, жақсы. Балалар батутта секіріп ойнап, самокатта жылдам жүріп дегендей өз – өздерін шыңдайды. Бірақ...

Үш жастан асқан, тепе-теңдікті ұстай алатын балаларға ғана самокат пен велосипед беруге болады. Бірақ міндетті түрде шынтақ, тізе қорғаныштарын кигізу керек. Бұл — жарақаттың алдын алады.

Батутта бірнеше бала қатар секіргенде бір-бірімен соқтығысып, қол-аяғын созып алатын жағдайлар болады. Ал кішкентай балалардың

баспен немесе омыртқамен құлап, ауыр жарақат алуы жиі кездеседі.

Сол себепті балалардың ойыны ата-ана бақылауында болуы керек. Қай жерде, кіммен ойнап жатқанын қарап отырған дұрыс. Баланы тек сенімді жасқа жеткенде ғана өз еркімен ойнауға жіберген жөн.

Н. ТӘУЕКЕЛОВ,
дәрігер





ОВЕН. На этой неделе вы столкнетесь с необходимостью отстаивать свои позиции. Кто-то из вашего окружения попытается навязать свое мнение, но именно сейчас важно держать курс, который вы наметили ранее. В личной жизни возможны искренние разговоры, после которых многое встанет на свои места.



ТЕЛЕЦ. Вы почувствуете прилив энергии, но важно не распыляться. Сосредоточьтесь на одном-двух приоритетах — именно они принесут наибольшую отдачу. Финансовый вопрос может неожиданно сдвинуться с мертвой точки. Избегайте спонтанных покупок: велик риск сожалеть. Один из вечеров принесет приятную встречу, которую вы не планировали.



БЛИЗНЕЦЫ. Смена обстановки пойдет вам на пользу. Даже небольшая поездка или работа вне дома поможет освежить мысли. На работе стоит избегать пересудов — вы можете оказаться втянутыми в чужой конфликт. Романтическая сфера порадует неожиданной откровенностью со стороны человека, которого вы давно подозревали в симпатии.



РАК. Неделя подарит шанс завершить давно начатое. Особенно это касается домашних и имущественных дел. Возможно, вы получите поддержку со стороны, откуда не ждали. Семейные отношения выйдут на первый план, и от вашего внимания к близким многое будет зависеть.



ЛЕВ. Вас ждет насыщенное время, особенно в деловой сфере. Не упустите шанс выступить с инициативой — ваше мнение будет услышано. В отношениях с друзьями возможны неожиданные конфликты на почве ревности или соперничества. Постарайтесь быть великодушнее. Финансовые вопросы могут потребовать пересмотра бюджета.



ДЕВА. Вам будет сложно сохранить спокойствие в начале недели — обстоятельства потребуют быстрых решений. Тем не менее ближе к выходным ситуация стабилизируется, и вы получите возможность перевести дух. Хорошее время для уборки, избавления от ненужного — как в пространстве, так и в мыслях.



ВЕСЫ. Неделя благоприятна для общения, переговоров и восстановления старых связей. Вам могут предложить сотрудничество, от которого сложно отказаться. Следите за документами и обязательствами — недоразумение может обернуться хлопотами. В любви возможны новые знакомства, особенно если вы открыты к переменам.




СКОРПИОН. Вы почувствуете внутреннюю необходимость что-то менять. Возможно, речь идет о профессии, образе жизни или окружении. Важно не торопиться — интуиция подскажет верный момент для действия. Деньги могут прийти из неожиданных источников, но не стоит сразу их тратить.



СТРЕЛЕЦ. Наступает благоприятный период для укрепления авторитета. Вас заметят, к вам прислушаются. Не упустите шанс выступить публично или поделиться своими идеями. На любовном фронте возможны признания, способные изменить ваши планы. Следите за расписанием: случайная задержка может сыграть вам на руку.



КОЗЕРОГ. Вы почувствуете потребность в уединении. Это хорошее время для переоценки ценностей, медитаций, глубоких разговоров с собой. Рабочая неделя может казаться утомительной, но в конце вы получите заслуженное одобрение. Осторожнее с техникой и транспортом — есть риск мелких поломок.



ВОДОЛЕЙ. Неделя будет наполнена новыми идеями и предложениями. Вам будет трудно сидеть на месте, захочется перемен. В личной жизни возможен выбор между прошлым и будущим. Не бойтесь завершать то, что себя истощало. Один из дней недели принесет случайную встречу, которая повлияет на ваши решения.



РЫБЫ. Вы будете настроены философски. Эмоции сменяются размышлениями, и вы увидите ситуацию под другим углом. Не исключено возвращение человека из прошлого, с которым не все было сказано. Финансово стоит быть осмотрительнее — особенно в случае кредитов и займов. Середина недели удачна для начала нового хобби или изучения необычного предмета.

СКАНВОРД

	Киллер/ Несбы- точная мечта	Угол в избе/ Липовый ...	Железо в природе/ Влага на траве	Мачете, финка/ Вянущие органы
	Набор букв / Классный журнал	Сородич окуня/ Ничья		Сосновый ... / Бублик по форме
	Богиня весны/ Диск с зубьями	Подливка/ Всего боится	Клиент кафе/ Школьное занятие	Звуковая дорожка/ Фокус
Повыше партера/ Ведёт торги				
Норвегия/ ... Кан- делаки	Англий- ский "боярин"/ Смалец		Песок, груда/ Котомка	Мзда Батью/ Войско
		Лицедей/ Крутой Чак Норрис		
Латунь по сути/ Свод правил	Ветка/ Жир во времена перстов	Финская ... / Зелёная тоска		
		Стран- ствия/ Серый ...	Драма, роман/ Утро	Барыш/ Болотис- тая равнина
Улучше- ние лица/ Испания	Привер- женец/ Улица, дом	Абсолют/ Стихия акул	Одежда в талию/ Часть уха	
			Сыктыв- кар/ Мокко	Упрёк / В него стреляют
Народное собрание/ Под цветы	Модная ванна/ Лес в тропиках			Родич бука/ Персия
		Ксерокс/ Сладкое вино		
Попроше кресла/ Годы службы	Ветрени- ца/ Сетка, сумка			
		Родич оленья/ Деспот, сатрап		

Анекдоты, анекдоты...



Путешествуют еврей, индус и чёрный. Близиться к ночи а остаться негде. Видят домик, стучаться, выглядывает хозяин. Просят остаться на ночлег. Владелец говорит есть два места, а третьему придётся спать в амбаре с животными, мол решайте сами кто из вас с ними. Индус говорит: - Я вырос в бедной индийской деревне и мне ничто не страшно, я буду спать в амбаре. Индус ушёл. Еврей и чёрный легли спать. Через 15 минут стук в дверь. Открывают а там на пороге индус: - Ребят там корова а это святое животное я не могу спать с ним под одной крышей. Еврей говорит: - Я рос в кибуце, мне никакие животные не страшны. Я пойду спать в амбаре. Еврей ушёл. Индус и чёрный легли спать. Через 15 минут стук в дверь. Открывают а там на пороге Еврей: - Ребят там в амбаре свинья, а это не кошерно спать с грязным животным - я так не могу. Чёрный говорит: - Ладно, я вырос в гетто Лос Анджелеса и мне ничто не страшно. Я буду спать в амбаре. Черный уходит а еврей и индус легли спать.

Через 15 минут стук в дверь. Открывают а там на пороге свинья и корова.

- Почему Трамп так хотел встретиться в Стамбуле с Путиным и Зеленским?
- Чтобы оказаться между двумя Влади-мирами и загадать своё самое заветное желание – получить в 2025 году Нобелев-скую премию мира!

Все говорят, что моя идея со стеной - полное безумие. Но Китай построил сте-ну, и угадайте, сколько у них мексикан-цев?

Меня мучает вопрос, почему космиче-ский корабль, на котором эксперимен-тировали с Белкой и Стрелкой, выживут ли они, называется также, как и отече-ственная вакцина от коронавируса - «Спутник 5»?

ҰЛЫТАУ БАУРАЙЫНДАҒЫ «КӨКМАЙСА-2025»

«Көкмайса» қақпасының дәл аузынан облыс әкімінің орынбасары Зина Жұманазарқызы Ақылбекова бастаған лауазымды тұлғаларды, басқа да азааттарды кездестірдік. Фестивальдің ашылуын олардың да дегбірсіздене күтіп тұрғаны байқалды. Қанша күнгі дайындықтың бәрі кейін қалғанмен, нағыз сындарлы шақ енді туғандай. Қалай өтеді, көңілден шыға ма, жоқ па, ауа райы бұзылып кетпей ме? Осындай сан сұрақтар санада асыр салып жатқаны анық еді.

Фестиваль «Қымызмұрындық» атты театрландырылған көрініспен басталып, «Жошы» этно-фольклорлық ансамблінің төл туындыларымен жалғасын тапты. Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков құттықтау сөзінде, ұлттық рух пен мәдени мұраның ұрпақ сабақтастығындағы маңызына ерекше тоқталды.

Фестиваль аясында бие байлау, күбі ыстау, қымыз ашыту көріністері көпшілік назарына ұсынылып, арнайы дайындалған 500 литр қымыз келген қонақтарға тегін таратылды. Мешкейлер

Арада бірер үзіліс салып, қайта жаңғырған фестивальдің дүбірі естілгеннен – ақ елеңдедік. Өйткені, ұлттық құндылықтар қанат жаятын, көргендер ғибрат алатын шараны сағынып қалғанымыз рас еді ғой. Сонымен, 20 маусымда Ұлытаудың Болатсайын бетке алдық.



**«КӨКМАЙСА-2025» – САЛТ-ДӘСТҮР
МЕН ЗАМАНАУИ МӘДЕНИЕТТІ
БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРЫП, ҰЛТ
БОЛМЫСЫНЫҢ ТЕРЕҢ ТАМЫРЫН
СЕЗІНУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН
ТАҒЫЛЫМДЫ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ
КӨПШІЛІКТІҢ КӨҢІЛІНЕН БЕРІК
ОРЫН АЛҒАНЫ ХАҚ**


жарысы, қазақ күресі, жілік шағу, садақ ату, найза лақтыру, асық ату, қошқар көтеру секілді ұлттық жарыстар ұйымдастырылды.

Өңірлік және жергілікті қолөнер шеберлері ұлттық бұйымдарды жасап көрсету арқылы келушілерге шеберлік сабақтарын өткізді. Балаларға арналған этноойын алаңдары мен ұлттық стильдегі аттракциондар қызықты әрі танымдық форматта ұсынылды. Ұлттық киім үлгілері мен дәстүрлі тұрмыстық жабдықтардың көрмесі өтті.

Сахнада елімізге танымал өнер иелері мен жергілікті шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті. Олардың қатарында: Бексұлтан Барақбай, Ақжол Әмірхан, Ділназ Сұлтанбай, «Сәкен серілері», «Тандем» дуэті, Қайырхан Ермазы, Эльмира Дәулетбаева, Досымжан Таңатаров, Ұлытау аудандық мәдениет үйінің би ансамблі, «Алтын Орда» ұлт аспаптар ансамблі, «Кеншілер сазы» фольклорлық ансамблі бар.

Фестиваль соңында өткізілген ұлттық спорт байқаулардың жеңімпаздарына дипломдар мен арнайы сыйлықтар табысталды.

Ай НҰР.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1065

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.